

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Қадырғали Жалайыр “Шежірелер жинағы” еңбегіндегі қазақ мәдениетінің тарихы

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.10.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/165632/

Қалтай Нұрхализа

Жетекші: Кудерина А.Н.

Мазмұны:

Қазақ қоғамының рулық құрылымы Батырлық дәстүр және ерліктер
Ислам дінінің рөлі
Қортынды

Қадырғали Жалайырдың «Шежірелер жинағы» – қазақ халқының шежіресін, тарихын, билеушілерін және саяси-әлеуметтік құрылымын баяндайтын ерекше тарихи еңбек. XVI ғасырдың соңында жазылған бұл туынды қазақтардың шығу тегін, ру-тайпалық жүйесін тереңінен түсінуге мүмкіндік береді. Жалайырдың еңбегінен біз қазақ хандығының қалыптасу және даму кезеңін көреміз. Ол тарихты жазып қана қоймай, сол замандағы мәдени құндылықтарды, салт дәстүрлерді және сол кезеңдегі қазақ қоғамының болмысын көрсетеді. Жалайыр өз еңбегінде Абылай хан, Тәуке хан сынды әйгілі билеушілердің есімдерін атап, олардың ел басқарудағы рөлін нақты сипаттап өтеді. Бұл тарихи шығарма тек оқиғалар тізбегі ғана емес, сондай-ақ қазақ халқының рухани және мәдени болмысын да көрсетеді.

Еңбекте қазақ қоғамының рулық құрылымы ерекше орын алады. Мысалы, Ұлы жүзден тараған Дулат, Албан, Суан руларын атап, олардың тарихи дамуын көрсетеді. Қазақ халқының бірегейлігі мен бірлігін сақтауда ру-тайпалық жүйе үлкен рөл атқарған. Бұл жүйе халықтың өз мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге және әлеуметтік қатынастарды нығайтуға мүмкіндік берген.

Сонымен қатар, «Шежірелер жинағында» батырлық дәстүр ерекше маңызға ие. Мысалы, Шығай хан мен Есім ханның жаулармен шайқастардағы ерліктері жан-жақты сипатталған. Осы ерліктер арқылы қазақ халқының жауынгерлік рухы, батырлық

қасиеттері және тәуелсіздік үшін күресі көрініс табады. Бұл батырлық рух қазақтың жыр-дастандарында да сақталып, кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалған.

Жалайыр ислам дінінің қазақ қоғамына ықпалын да баяндайды. Ислам діні қазақтардың моральдық қағидаттарын қалыптастырып, әділдік пен адалдықты дәріптеген. Есім ханның шариғат заңдарын енгізуі – исламның қазақ қоғамындағы маңыздылығының айқын мысалы. Сонымен бірге, ислам қазақтардың дәстүрлі көшпелі өмірімен үйлесімді болған, бұл дін мен дәстүрдің біртұтастығын көрсетеді.

Қадырғали Жалайырдың «Шежірелер жинағы» қазақ халқының рухани және мәдени құндылықтарын, тарихи жадын сақтап қалған ұлы еңбек. Ол тек қазақтарға ғана емес, бүкіл түркі әлеміне ортақ мұра ретінде бағаланады. Бұл еңбек ұлттық бірегейлікті нығайтуға және ұлт тарихын келешек ұрпаққа жеткізуге зор ықпал етті.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.